БАҚ үшін байланыс: press@enpf.kz
Ресми сайт: www.enpf.kz
Facebook, Instagram: enpf.kz

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

# Хабарласыңыз, Сізге міндетті түрде жауап береді!

***Жыл басынан бері БЖЗҚ мамандары қашықтықтан берілген 130 мыңға жуық өтінішті өңдеді***

БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға түрлі байланыс арналары арқылы қызмет көрсетеді. Олардың ішіндегі ең ыңғайлысы – enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет (бұл туралы мына жерден оқи аласыз)

Сонымен қатар, қажетті ақпаратты дауыстық және дауыстық емес байланыс арналары арқылы алу мүмкіндігі бар. Мысалы, Қор операторларынан **1418** қысқа нөмірі бойынша **сағат 09:00-ден 18:00-ге** дейін барлық сұрақтар бойынша кеңес алуға болады. Қоңырау шалу тегін және еліміздің кез келген ұялы байланыс операторының телефон нөмірлерінен, сондай-ақ, стационарлық (қалалық) телефоннан қолжетімді. Ағымдағы жылдың алғашқы үш айында ғана **95 мыңнан** астам осындай қоңырау шалулар өңдеуден өтті.

Ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған «Онлайн қоңырау шалу» сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ-ның Қашықтықтан кеңес беру департаменті зейнетақы қызметтерін телефон байланысы желісі арқылы ұсынумен қатар, Қордың веб-сайтында немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасында орналастырылған дауыссыз байланыс арнасы - «Бізге жазыңыз» электрондық қызметі, Chat2Desk, WhatsApp, Viber чат, Telegram сияқты виртуалды сервис мессенджері, Facebook, ВКонтакте, Instagram, TikTok әлеуметтік желілеріне берілетін жеке өтініштер, не Қордың enpf@enpf.kz ресми электрондық мекенжайы арқылы зейнетақы қызметтерін тұтынушыларға жылдам әрі сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында осындай тәсілмен **35 мыңға жуық** сұраныс өңделді.

БЖЗҚ өз қызмет түрлерінің тұтынушыға қолжетімділігін одан әрі жақсарта береді. Хабарласыңыз, біз Сізге міндетті түрде жауап береміз!

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).*

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

БАҚ үшін байланыс: press@enpf.kz
Ресми сайт: www.enpf.kz
Facebook, Instagram: enpf.kz

**ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ**

**Обращайтесь, и Вам обязательно ответят!**

***С начала года специалистами ЕНПФ было обработано порядка 130 тысяч обращений в дистанционном формате.***

ЕНПФ предоставляет услуги вкладчикам и получателям через различные каналы связи. Наиболее удобный из них – через Личный кабинет на сайте enpf.kz (об этом можно прочитать здесь)

Кроме этого, необходимую информацию можно также получить по голосовым и не голосовым каналам связи. К примеру, у операторов Фонда по короткому номеру **1418 с 09:00 до 18:00 часов** можно получить консультацию по всем интересующим вопросам. Звонок бесплатный и доступен с телефонных номеров любого оператора мобильной связи Республики Казахстан, а также со стационарного (городского) телефона. Только за первые три месяца текущего года было отработано свыше **95 тысяч** таких звонков.

А для вкладчиков (получателей), находящихся за пределами Республики Казахстан есть возможность получения консультации по номеру +7 (727) 356-10-60 или посредством сервиса «Позвонить онлайн», размещенного на корпоративном сайте Фонда.

Помимо оказания пенсионных услуг по телефонной линии связи, Департамент дистанционного консультирования ЕНПФ осуществляет обслуживание потребителей пенсионных услуг Фонда через не голосовые каналы связи, такие как электронная услуга «Напишите нам», размещенная на веб-сайте Фонда или в мобильном приложении ЕНПФ, мессенджер Облачного сервиса Chat2Desk, What's App, Viber чат, Telegram, личные обращения в социальных сетях Facebook, ВКонтакте, Instagram, Tik Tok либо официального электронного адреса Фонда enpf@enpf.kz

За первый квартал текущего года таким способом отработано **порядка 35 тысяч** поступивших запросов.

ЕНПФ продолжает совершенствовать свои услуги и доступ к ним всех желающих. Обращайтесь, и вам обязательно ответят!

*ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)*